
	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 1

«Қазмедиа орталығы» басқарушы
компаниясы» ЖШС Бас
директорының
2022 жылғы « » _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ


**«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас
жемқорлыққа қарсы саясат**

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 2

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жыл

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Терминдер мен анықтамалар	3
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер	3
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары	4
5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар	5
6. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі	9
7. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарлама	9
8. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды қызметтік тексеру	10
9. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік шаралары	10
10. Қорытынды ережелер.....	10
11. Қосымша	11

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 3

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де (бұдан әрі - Серіктестік) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл саясаты (бұдан әрі - Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын белгілейді.

Осы Саясат сыбайлас жемқорлық сипаттағы ықтимал әрекеттердің алдын алуға, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1. Саясатта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Серіктестіктің жұмыскері – Серіктестікпен еңбек қатынасында тұрған жеке тұлға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Серіктестік жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою бойынша (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);


- сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттердің алдын алу, анықтау, бұлтартпау, ашу және тексеру, олардың салдарын жою бойынша (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.

Мүдделер қақтығысы – лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Серіктестіктің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 4

әрекеттерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер

3.1. Осы Саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін Серіктестік жұмыскерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады

3.2. Саясат келесі міндеттерді шешуді көздейді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу;

- Серіктестік жұмыскерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;

- Серіктестік жұмыскерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін азайту;

- Серіктестік жұмыскерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу;

- Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу;

- жұмыстарды орындау және қызмет көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және әділдікті қамтамасыз ету.


3.3. Ережеде атқаратын лауазымына, атқаратын қызметтері мен жұмыс мерзіміне қарамастан Серіктестік жұмыскерлеріне қолданылатын жалпыға міндетті нормалар мен қағидалар қамтылған

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

4.1 Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары мыналар:

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік - Серіктестік өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты Серіктестік атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін Серіктестік жұмыскерлері үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

- басшылықтың бейілділігі – Серіктестіктің жоғары басшылығы сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 5

бітіспес көзқарас туралы мәлімдеуге, осы қағиданы жеке мысалда көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс

- жұмыскерлерді тарту – Серіктестік жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды;

- жазадан құтылмаушылық – Серіктестік өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан Серіктестік жұмыскерлерінің жазадан құтылмаушылығы туралы мәлімдейді;

- заңдылық – Серіктестік Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;


- тиісті байқағыштық – Серіктестік іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамауы және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

- өзара әрекеттестік және үйлестіру – Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестікті және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді

5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар

5.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін Серіктестік қызметінің бағыттары:

- сыйлықтар және өкілдер шығысы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту;
- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға төлемдер;
- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- активтерді сатып алу және иеліктен шығару жөніндегі Серіктестіктің инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер жасау;
- қызметкерлерді басқару;
- ішкі құжаттардың заң сараптамасы.

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 6

5.2. Сыйлықтар және өкілдер шығысы.

5.2.1. Серіктестік ешбір жағдайда біздің жұмысымызға байланысты ойын-сауыққа, саяхатқа, спорттық іс-шараларға, сондай-ақ сыйлықтарға, билеттерге, ақы төленген демалысқа, ақшалай нысандағы жеке тартуларға және т. б. шақыруларды қабылдауға құқығымыз жоқ деген қағиданы ұстанады. Мұндай әрекетті басқа адамдар Серіктестіктің белгілі бір міндеттемесін қабылдау және бізді мүдделер қақтығысына тарту ретінде қарастыруы мүмкін.

Рұқсат етілетін сыйлықтар мен ойын-сауықтар:

– егер олар арзан қаламдар мен күнтізбелер сияқты құны төмен заттар болса;

– егер бұл біз өзіміз төлейтін ойын - сауық іс-шараларға билеттер болса;

– егер бұл кейбір жағдайларда шотты өзіміз төлеген шартта мейрамханалардағы іскерлік кездесулер болса,

5.2.2. Серіктестік жұмыскерлеріне егер мұндай әрекеттер/сыйлықтар келесідей болған жағдайда, кез келген сыйлықтарды/іскерлік қонақжайлылық белгілерін/өкілдер шығыстарын ұсынуға, уәде беруге, сыйлауға, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тыйым салынады:

- Серіктестіктің қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға немесе қандай да бір артықшылық немесе пайда алуға әсер ететін шешімдер қабылдауға іріктеп әсер етудің тікелей немесе жанама мақсаты бар, егер бұл әрекеттерсіз қолайлы салдардың басталуы шындыққа жанаспайтын болып көрінсе;

- Серіктестік атынан емес, жұмыскердің атынан берілсе;

- сыйлықтар немесе өкіл шығыстары немесе қонақжайлылық туралы ақпарат ашылған жағдайда Серіктестік пен оның жұмыскерлері үшін беделді немесе өзге де тәуекел туғызса;


- қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақшалай қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылатын немесе ақшалай қаражаттың және/немесе аса құндалы заттардың өзге де түрлерін немесе баламаларын білдірсе;

- зат, құн және нақты жағдай тұрғысынан орынды негізделмеген болса.

5.2.3. Серіктестік жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған кезде Серіктестік жұмыскері Серіктестіктің тікелей басшысымен немесе комплаенс-офицерімен кеңесу керек.

5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту.

5.3.1. Серіктестік үшінші тұлғаларды тартудан және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 7

бұзатын немесе Серіктестік үшін іскерлік беделін жоғалту қаупін тудыратын серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан бас тартады.

5.3.2. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылдағанға дейін Серіктестіктің үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған тиісті құрылымдық бөлімшелері:

- Серіктестіктің Тауарларды сатып алу ережелерінде белгіленген рәсімдерді қатаң сақтауға;

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен әріптестердің мониторингін келесі рәсімдерді (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) жүргізу жолымен жүзеге асыруға міндетті:

1) өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің болуын тексеру, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу;

2) іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының жоқтығын тексеру;

3) тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқалар) сұрау салулар жіберу арқылы жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражатының, сондай-ақ банктің, олардан қылмыстық жолмен алынған қаражат жіберілетін юрисдикцияның бар-жоғын тексеру.


5.3.3. Серіктестік өз тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалармен және серіктестермен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады

5.3.4. Бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерді осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы хабардар ету

5.3.5. Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдердің, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарының бірлескен жобалары бойынша үшінші тұлғалардың және серіктестердің қабылдауын құптайды

5.4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға төлемдер

5.4.1. Серіктестік жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар, олардың жақын туыстары үшін серіктестік үшін коммерциялық артықшылықтар алу, оның ішінде көлікке, тұруға, тамақтануға, ойын-сауыққа, PR-науқанға және т. б. шығыстар немесе олардың Серіктестік есебінен өзге де пайда алу мақсатында өз бетінше немесе өз жұмыскерлері арқылы кез келген шығыстарды төлеуді жүзеге асырмайды.

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 8

5.4.2. Серіктестік жұмыскерлері Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара әрекеттестік кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады

5.5. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.

5.5.1. Серіктестік мемлекет өкілдерінің, ұйымдардың немесе өзге де тұлғалардың өз қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдер қабылдауына тікелей немесе жанама түрде ықпал ету мақсатында немесе егер мұндай көмек осындай әсер ету әрекеті ретінде объективті түрде қабылдануы мүмкін болса, қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді.

Серіктестіктің қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге арналған шығыстары туралы ақпарат ашық болуы тиіс.

5.5.2. Серіктестік лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

5.6. Активтерді сатып алу және иеліктен шығару жөніндегі Серіктестіктің инвестициялық қызметі шеңберінде мәмілелер жасау.

5.6.1. Активтерді сатып алу және иеліктен шығару жөніндегі мәмілелерді жоспарлау, осы мәмілелердің орындылығы туралы алдын ала шешім қабылдау кезінде Серіктестік объектінің қызметіне кешенді тексеру, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің болу белгілерін анықтау мақсатында сенімділікті тексеруді жүргізеді.

5.6.2. Егер тексеру нәтижелері бойынша мәміле аяқталғаннан кейін Серіктестік сатып алатын сыбайлас жемқорлық тәуекелі және онымен ұштасқан Серіктестік үшін әлеуетті экономикалық және беделдік залал мәміледен экономикалық пайдадан асып кеткен жағдайда, мұндай мәмілені жасау туралы шешімді Серіктестіктің басқару органы қабылдайды


5.7. Қызметкерлерді басқару.

5.7.1. Серіктестік кадрлық шешімдер қабылдау кезінде әділдік пен адалдық қағидаттарын ұстанады. Қызметкерлерді жалдау, бағалау, жылжыту және жұмыстан шығару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Серіктестік:

- белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді

- жұмысқа орналасуға кандидаттарды еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін олардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

- персоналдың қызметін бағалауды және өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігіне қарай сыйақы төлеуді жүргізеді;

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 9

- жұмыскерлердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін негізге ала отырып, жоғары тұрған лауазымға жылжыту туралы шешім қабылдайды;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жұмыскермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

5.7.2. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген қызметкерлер жұмысқа қабылдау немесе Серіктестікпен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім нысаны бойынша өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

5.7.3. Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерін қабылдамау лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан босатуға әкеп соғады, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда оларды сақтамау өкілеттіктерін тоқтату үшін негіз болып табылады.

5.8. Ішкі құжаттардың заң сараптамасы.

5.8.1. Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына, оның ішінде оларда сыбайлас жемқорлықты (сыбайлас жемқорлық факторларын) көрсету үшін себептер мен жағдайлар жасауға ықпал ететін ережелердің болуы тұрғысынан бекітуге шығарылатын ішкі нормативтік құжаттардың жобаларына заң сараптамасы және оларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

6. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі


6.1. Серіктестік жұмыскерлері міндетті:

- мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алу және оларды реттеу жөнінде шаралар қабылдауға.

- өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Серіктестіктің мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Серіктестіктің мүдделеріне қайшы келетін жайттарды немесе жағдайларды болдырмауға. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда (немесе оның туындау мүмкіндігі) осы ақпаратты тікелей басшының не Серіктестіктің жоғары тұрған басшылығының назарына жазбаша нысанда жеткізуге.

6.2. Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын Серіктестік жұмыскерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін өзгертуге және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартудан тұруы мүмкін.

7. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарлама

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 10

Егер Серіктестікте Серіктестік жұмыскерінің сыбайлас жемқорлық әрекеті орын алғаны туралы қандай да бір растау болса, бұл туралы Серіктестіктің комплаенс - офицеріне не өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына дереу хабарлау қажет.

7.1. Өзге жұмыскердің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыбайлас жемқорлық әрекетін жасауға көндіру фактілері туындаған жағдайда және/немесе жұмыскерді сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілерге ие Серіктестік жұмыскері Серіктестіктің комплаенс-офицерін не өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысын дереу хабардар етуге міндетті.

8. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарды қызметтік тексеру

8.1. Серіктестікте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тексеру не қызметтік тексеру жүргізіледі.

8.2. Егер қызметтік тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын негізге ала отырып, түзету шараларын қабылдау тексерудің аяқталуы болып есептеледі.

9. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік шаралары


9.1. Серіктестік жұмыскерлері осы Саясат талаптарының мүлтіксіз орындалуына жауапты болады.

9.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Серіктестіктің жұмыскерлері Серіктестікке материалдық залалды өтеуден босатылмайды, әйтпесе Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімі бойынша.

9.3. Саясат талаптарын бұзу Серіктестік жұмыскерінің мәртебесіне сәйкес келмейтін әрекет ретінде қарастырылуы мүмкін және тәртіптік жаза қолдануға негіз болады.


9.4. Саясат талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

10. Қорытынды ережелер

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 11

10.1 Осы саясатты қолданысқа енгізу мерзімі Серіктестік басқармасының Саясатты бекіту күні болып саналсын.

10.2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай - ақ Серіктестіктің ішкі-нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертуге жатады.

	«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат		
	Номенклатураға сәйкес тіркеу № _____	2022 жылғы _____ редакция 1	12 беттің 12

*«Қазмедиа орталығы» басқарушы
компаниясы» ЖШС-де сыбайлас
жемқорлыққа қарсы саясатқа қосымша*

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім

Мен, _____

(тегі, аты, әжесінің аты) (лауазымын көрсету)

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптарын сақтау, менің өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында өзіме мыналар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаймын:

- 1) өз функцияларын орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру;
- 2) лауазымды адамдардың жақын туыстарымен (ата-аналары (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылары (қыз асырап алушылары), бала асырап алынғандары (қыз асырап алғандары), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері), жұбайлары мен жекжаттарымен (жұбайының (зайыбының) бауырлары, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) бір бөлімшеде болатын лауазымдарға болуына жол берілмейді немесе – егер бөлімшелер әртүрлі болса – лауазым функционалды түрде байланысты болса (бизнес-процестер бойынша) олардың жақын туыстары атқаратын лауазымдармен байланысты;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе шығару мақсатында ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау.
- 5) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашуға және иелену, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау.

Толтырылған және қол қойылған нысан-растау Серіктестікте еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін атқарған күннен бастап Серіктестік қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

_____ қолы, ТАӘ лауазымы